

Дермене ауылдық округі, Орманшы ауылының, Қайнар көшесінде шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласы Дермене ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 6 мамырдағы № 13 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 17 мамырда № 3744 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласы Дермене ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 7 шілдедегі № 24 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласы Дермене ауылдық округі әкімінің 07.07.2016 № 24 шешімімен (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабының 2 тармағына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Арыс қалалық аумақтық инспекциясы басшысының 2016 жылғы 5 мамырдағы № 73 ұсынысы негізінде және жануарлардың жұқпалы ауруларының ошақтарын жою мақсатында

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Дермене ауылдық округі Орманшы ауылының Қайнар көшесі, №7 тұрғын үйдің сиыры құтырық ауруымен ауруына байланысты Қайнар көшесінде шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Дермене ауылдық округ әкімі

А.Алиев